



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7M05102-Биотехнология

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдары, микробиологиялық және фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындары, биотехнологиялық өндірістердің пайдаланылуын, қоршаған ортаның жай-күйін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін мамандар сапасына қойылатын артып келе жатқан талаптарды қанағаттандыратын, ғылыми-қолданбалы және білім беру қызметі саласында кәсіби құзыреттері бар магистрлерді даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ ғылыми қызмет, қоршаған ортаны қорғауға байланысты мемлекеттік реттеу орындары.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1- әлеуметтік – философиялық және әлемдік-тарихи даму заңдылықтарын қорытындылайды және нормативтік құқықтық базаның, халықаралық тәжірибенің өзгерістерін, ішкі факторлардың әсерін ескере отырып, әлеуметтік және кәсіби биотехнологиялық міндеттерді шешуде гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар білімін пайдаланады;

ОН2- ақпаратты тұжырымдайды және талдайды, кәсіби терминологияны меңгерген және биотехнология саласында шет тілінде тиісті қорытындылар жасайды.

ОН3- жоғары кәсіптік білімнің мазмұнын талдайды, жоғары білімнің негізгі компоненттерін, технологияларды, оқытуды ұйымдастыру әдістері мен нысандарын біледі, Жоғары мектептегі білім мазмұнына қойылатын талаптарды сақтайды.

ОН4- кәсіби қызметте өндірісті оңтайландыру және тиімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік басқарудың жалпы психологиялық аспектілерін қолданады.

ОН5- заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқу үдерісін ұйымдастырады, ұжымның психологиялық ахуалын және білім беру ортасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтау әдістерін меңгерген.

ОН6- қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, ғылыми-өндірістік және білім беру ортасында кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін жүйелейді және жинақтайды; ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың қағидаттары мен заңдылықтарын және мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді.

ОН7- биотехнологиялық процестердің барлық объектілерінің жұмыс істеуі мен қызметінің теориялық, қолданбалы аспектілерін түсінеді және талдайды, биотехнологиялық процестерді модельдейді және практикада іске асырады, оларды биопродукция мақсатты өндірісіне және қойылған мақсатты жүзеге асырады; сараптамалық-талдау, кәсіби қызметтің кешенді құралдарын және қазіргі заманғы биотехнологиялық әдістерді меңгерген, өндірістің түрлі салаларындағы биотехнологиялық міндеттерді шешуге бағытталған іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелерді қорытындылайды.

ОН8- зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыруда және ұжымды басқаруда биотехнологиялық бейіндеуші пәндерді практикада оқу кезінде оларды пайдалана отырып, базалық биологиялық пәндер саласында білімін, іскерлігін және дағдыларын қолданады, экологиялық биотехнологияны қолдану саласын; технологиялық биоэнергетиканың басымдықтарын біледі. Биотехнологиялық зерттеулер контекстінде мәселелерді жүйелі және сауатты шешеді, экологиялық проблемаларды анықтайды.